

медициналық қызмет көрсетуге қатысатын Жедел жәрдем станциясы білікті қызметкерлері тартылады.

15. Ақылы қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру негізгі жұмыстан босатылмай қызмет көрсетуді қарастырады.

7. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі

16. Ақылы медициналық қызмет көрсетуден түскен қаражат мынадай тәртіпте шығындарды өтеуге жіберіледі:

1) ақылы медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге, әлеуметтік салық және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, медициналық сақтандыру бойынша аударымдарға, сондай-ақ, қосымша ақшалай төлемдерге;

2) өтемақы сипатындағы ақшалай төлемдерге;

3) іссапар шығындарын төлеуге;

4) ақылы қызмет көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектерді, шығын материалдарын және медицинаға арналған өзге де құралдарды сатып алуға;

5) коммуналдық, байланыс қызметтеріне, жылыту жүйесіне, электр энергиясына, ғимаратқа қызмет көрсетуге және көлік қызметтеріне ақы төлеуге;

6) құралдарды, мүліктер мен ғимараттарды ұстауға және ағымдағы жөндеуге;

7) материалдық құндылықтарды, құрал-жабдықтарды сатып алуға;

8) күрделі сипаттағы шығындарға (ақылы қызметтер көрсетуден түсетін жалпы қаражат көлемінің 15 (он бес) %-ынан аспайтын).

9) Көрсетілген ақылы қызметтен түскен ақшалай қаржыларды бөлу төмендегі тәртіппен жүргізіледі:

- ақылы қызмет бойынша түскен жалпы кіріс сомасының 100% мөлшерінде көрсетілген ақылы қызметке жұмсалған шығындарды толтыруға және материалды-техникалық базаны дамытуға.

10) Жұмыстың орындалу мерзімін бұзғаны және талапқа сай қызмет көрсетпегені үшін орындаушыға тәртіптік жаза қолданылады. Уақытылы емес және сапасыз орындалған жағдайлар, ол қылықтарға жол берген нақты орындаушылары анықтала отырып, комиссия отырысында қаралады.

9. Ақылы қызмет көрсету бойынша есепке алу және есеп беру тәртібі

20. Ақылы қызмет көрсету бойынша есепке алуды және есептілікті жүргізу тәртібі жедел жәрдем станциясы басшысының бұйрығымен анықталады.

21. Жедел жәрдем көрсететін қызметтердің Баға тізбесін қайта қарау нарықтағы бағаның өзгеруіне байланысты жүзеге асырылады.